

«Сырлау жұмыстары» кәсіптік стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Сырлау жұмыстары» кәсіптік стандарты білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, қызметкерлер мен білім беру мекемелерінің түлектерін сертификаттауға, персоналды басқару саласындағы кең ауқымды мәселелерді шешуге арналған.

2. Осы кәсіптік стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

біліктілік – қызметкердің нақты еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болу деңгейі;

біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметінің стандарттан басқа болуы, жауапкершілігі және дербестігі бойынша сараланатын қызметкерлер дайындығы мен құзыреттілігіне қатысты талаптар жиынтығы;

ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

ұлттық біліктілік жүйесі (ҰБЖ) – еңбек нарығы тарапынан мамандар біліктілігіне деген сұраныс пен ұсыныстарды құқықтық және институционалды реттеу тетіктерінің жиынтығы;

салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

сала - бір типті өнім құруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

кәсіби топ – ортақ интеграциялық негізі бар (ұқсас немесе жақын мақсаттар, объектілер, технологиялар, сондай-ақ еңбек құралдары) және оларды орындау үшін еңбек міндеттері мен құзыреттілігінің ұқсас жинағын болжайтын шағын топтар жиынтығы;

кәсіби шағын топтар – еңбек міндеттерінің тұтас жинағымен және оларды орындауға қажетті құзыреттіліктермен қалыптасқан, мамандықтар жиынтығы;

кәсіптік стандарт бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын кәсіптік стандарттың құрылымдық элементі;

кәсіп – білімі туралы тиісті құжатпен расталатын және арнайы дайындықтың нәтижесінде пайда болған арнайы білім, білік мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін адам еңбегі қызметінің негізгі түрі;

еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

БА - басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

2. Кәсіптік стандарт паспорты

3. Кәсіптік стандарттың атауы: Сырлау жұмыстары.

4. Кәсіптік стандартты әзірлеу мақсаты: Осы кәсіби шағын топтың кәсіптер тізбесін жасау және анықталған кәсіптер үшін кәсіп карточкаларын әзірлеу.

5. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Сырлау жұмыстары ғимараттарды ішкі және сыртқы сырлауды, азаматтық құрылыс объектілерін сырлауды, сырлау жұмыстарын бақылау және қабылдауды, құм атқыш аппараттың көмегімен құрылыс конструкцияларының беттері мен жабдықтарды тазартуды қамтиды.

6. Негізгі топ: Мамандырылған құрылыс жұмыстары (жұмыста).

Кәсіби топ: Әрлеу жұмыстар (жұмыста).

3. Кәсіп карточкалары

7. Кәсіптер тізбесі:

құрылыс сырлаушысы, СБШ бойынша 2 біліктілік деңгей;

сырлаушы-лактаушы, СБШ бойынша 2 біліктілік деңгей;

сырлау жұмыстарын бақылаушы, СБШ бойынша 3 біліктілік деңгей;

құм атқыш, СБШ бойынша 3 біліктілік деңгей.

Кәсіп карточкасы осы Кәсіптік стандарттың қосымшасында келтірілген.

КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: «Құрылыс сырлаушысы»	
Кәсіп коды	7138
Кәсіп атауы	Құрылыс сырлаушысы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	2
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	2-6
Кәсіби білім деңгейі	СБШ-ның 2-деңгейі
	Жалпы орта білім болғанда, бірақ негізгі ортадан төмен емес кәсіби дайындық (білім беру ұйымының базасында қысқамерзімді курстар немесе мекемедегі оқытулар).
Еңбек функциялары	1) Беттерді металл қалақшалармен, қылшақпен, шаңсорғышпен дайындау.
	2) Қолмен және механикаландырылған әдістермен әр түрлі құрамдағы беттерінің сырлау жұмыстарын орындау.
Еңбек функциясы 1 Беттерді металл қалақшалармен, қылшақпен, шаңсорғышпен дайындау.	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2 (біліктілік разряды: 2-6)
	Біліктері мен дағдылары:
	1. Беттерді металл қалақшалармен, қылшақпен, шаңсорғышпен дайындау. 2. Беттердә пемзамен тегістеу. 3. Қабырғаларға және төбелерге көркемөнер әрлеуін жүргізу. 4. Сыртқы жұмыстарды жүгізу. 5. Сырлайтын беттерге жөндеу жасау. 6. Сырлау жұмыстарының өндірісі.
	Білімі:
	1. Негізгі әрлеу жұмыстарының негізгі құрамдары мен түрлері. 2. Механизмдер мен құралдарды тасымалдау ережелері. 3. Қоспа дайындау әдістері. 4. Қоспаны бетке жағу әдістері. 5. Қауіпсіздік техникасы ережелері.
Еңбек функциясы 2	Біліктері мен дағдылары: 1. Қарапайым сырлау әрлеулері.

Қолмен және механикаландырылған әдістермен әр түрлі құрамдағы беттерінің сырлау жұмыстарын орындау.	2. Қарапайым және жақсартылған бояуды су, суемес және суэмульсия құрамдарымен қолмен және механикаландырылған әдістермен орындау. 3. Қабырғаларға және төбелерге көркемөнер әрлеуін жүргізу. 4. Сыртқы жұмыстарды жүгізу. 5. Сырлайтын беттерге жөндеу жасау. 6. Сырлау жұмыстарының өндірісі.	
	Білімі: 1. Сырлау жұмыстарының сапасына талап. 2. Негізгі әрлеу жұмыстарының негізгі құрамдары мен түрлері. 3. Механизмдер мен құралдарды тасымалдау ережелері. 4. Қоспа дайындау әдістері. 5. Қоспаны бетке жағу әдістері. 6. Қауіпсіздік техникасы ережелері.	
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Командада жұмыс істей білу Тыңғылықтылық	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	7141	Сырлау жұмыстарын бақылаушы
	7142	Сырлаушы-лактаушы
	7141	Құм атқыш
КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: «Сырлаушы-лактаушы»		
Кәсіп коды	7142	
Кәсіп атауы	Сырлаушы-лактаушы	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	2	
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	2	
Кәсіби білім деңгейі	СБШ-ның 2-деңгейі	
	Жалпы орта білім болғанда, бірақ негізгі ортадан төмен емес кәсіби дайындық (білім беру ұйымының базасында қысқамерзімді курстар немесе мекемедегі оқытулар).	
Еңбек функциялары	1) Лак бояу қабатын жағу үшін беттерді дайындау.	
	2) Бояуларды, лактарды дайындау.	
	3) Эмальды немесе лакты металл, ағаш және басқа өнеркәсіп бұйымдары мен құрылыс конструкцияларына жағу.	

Еңбек функциясы 1 Лакбояу қабатын жағу үшін беттерді дайындау.	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2 (біліктілік разряды: 2)	
	Біліктері мен дағдылары:	
	1. Сырланған беттерді тазарту және дәрілеу. 2. Ақауларын бігеп беттерді шпаклевкамен тегістеу.	
	Білімі:	
1. Беттерді шпаклевкамен тегістеу тәсілдерін.		
Еңбек функциясы 2 Бояуларды, лактарды дайындау..	Біліктері мен дағдылары:	
	1. Колерді таңдау және белгіленген рецептура бойынша бояуларды, лактарды, төсеме бояуларды жасау.	
	Білімі:	
1. Бояулардың, лактар мен төсеме бояулардың түрлерін.		
Еңбек функциясы 3 Эмальды немесе лакты металл, ағаш және басқа өнеркәсіп бұйымдары мен құрылыс конструкцияларына жағу.	Біліктері мен дағдылары:	
	1. Бояу бүріккіштің көмегімен металл, ағаш және басқа өнеркәсіп бұйымдарына және құрылыс конструкцияларына эмальды немесе лакты жағу. 2. Шпаклевка мен төсеме қабатты жаққан кейін беттерді сырлау.	
	Білімі:	
	1 Бояу бүріккіштің құрылымын. 2. Беттерді сырлау тәртібін.	
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Командада жұмыс істей білу Тыңғылықтылық	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	7141	Сырлау жұмыстарын бақылаушы
	7141	Құм атқыш
КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: «Сырлау жұмыстарын бақылаушы»		
Кәсіп коды	7141	
Кәсіп атауы	Сырлау жұмыстарын бақылаушы	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3	
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	2-5	
	СБШ-ның 3-деңгейі	

Кәсіби білім деңгейі	Жалпы орта білім немесе жалпы орта білім негізінде техникалық және кәсіптік білімі болғанда кәсіби дайындық (білім беру мекемесі негізінде кәсіби дайындық бағдарламасы бойынша бір жылға дейінгі курстар немесе кәсіпорындағы оқыту курстары)
Еңбек функциялары	1) Дайындық сырлау жұмыстарын бақылау және қабылдау. 2) Сырлау жұмыстарын бақылау және қабылдау.
Еңбек функциясы 1 Дайындық сырлау жұмыстарын бақылау және қабылдау.	<p style="text-align: center;">СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разряды: 2-5)</p> <p>Біліктері мен дағдылары:</p> <p>1. Соңынан соңғы сырлау жұмыстарын талап ететін қарапайым бөлшектерді, тораптарды және бұйымдарды, сондай-ақ таза және сәйкесінше сызбаларда, үлгілер мен техникалық шарттарда әрлеу жұмыстарын талап етпейтін бөлшектерді, тораптар мен бұйымдарды дайындық сырлау жұмыстарын бақылау және қабылдау.</p> <p>2. Жұмыстарды орындау кезінде қолданылатын негізгі материалдар мен құрамдардың сапасын тексеру сынамаларын іріктеу.</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Қабылданатын бөлшектердің, тораптар мен бұйымдардың техникалық шарттары мен мемлекеттік стандарттарын.</p> <p>2. Ағаш және металл бойынша дайындық және қарапайым соңғы сырлау жұмыстарының негізгі түрлері мен тәсілдерін.</p> <p>3. Негізгі операциялар бойынша ақаулар жіктелімін және түрлерін.</p>
Еңбек функциясы 2 Сырлау жұмыстарын бақылау және қабылдау.	<p>Біліктері мен дағдылары:</p> <p>1. Соңынан әрлеу жұмыстарын талап етпейтін күрделілігі орташа бөлшектерді, тораптар мен бұйымдарды әрлеу жөніндегі сырлау жұмыстарын тексеру және қабылдау.</p> <p>2. Соңынан таза және әрлеу жұмыстарын талап ететін бөлшектердің, тораптар мен бұйымдардың дайындық сырлау жұмыстарын сәйкесінше сызбалар, үлгілер мен техникалық шарттар бойынша қабылдау.</p> <p>3. Жұмыстарды орындау кезінде қолданылатын барлық материалдар мен құрамдардың сапасын тексеру.</p> <p>4. Сапасы бойынша қабылданған және браққа шығарылған өнімді есепке алу және есеп беруді жүргізу.</p>

	<p>5. Бұйымдарды бояулар мен лактардың түрлі сұрыптарымен сырлағаннан кейін, лакталған және көркем жұмыстарды ағаш пен тастың әр түрімен күрделі өңдегеннен кейін ағаш пен металл бойынша күрделі көркем әрлеу жұмыстарын сызбалар, суреттер, макеттер мен техникалық шарттар бойынша тексеру және қабылдау.</p> <p>6. Бөлшектер мен тораптардың көпқабатты түрлі қалыңдықтағы термоқорғау қабатын тексеру және қабылдау.</p> <p>7. Аса бағалы әрлеу және термоқорғау материалдар мен құрамдардың сұрыптары мен сапасын анықтау.</p> <p>8. Жұмыс құралдарының, құрылғыларының, үлгілерінің, трафареттері мен схемаларының жарамдылығын анықтау.</p> <p>9. Белгіленген құжаттаманы ресімдеу.</p> <p>10. Беттерді сәндік лактаудан, жалтыратудан кейін күрделі әрлеу жұмыстарын сызбалар, суреттер, макеттер мен техникалық шарттар бойынша тексеру және қабылдау.</p> <p>11. Ыстық ауасыз бүргү әдісімен сырлағаннан кейін жұмыстарды тексеру және қабылдау.</p> <p>12. Беттерді өсіп кетпейтін термопластикалық бояумен сырлағаннан кейін тексеру және қабылдау.</p> <p>13. Құрғақ ұнтақты жағуды бақылау.</p> <p>14. Жаңа бояғыш заттар мен синтетикалық материалдардың сұрыптары мен сапасын анықтау.</p>
	<p>Білімі:</p>
	<p>1. Қабылданатын бөлшектерге, тораптарға, бұйымдарға және қолданылатын материалдарға арналған техникалық шарттар мен мемлекеттік стандарттарды.</p> <p>2. Ағаш пен металл бойынша таза дайындық және соңғы сырлау жұмыстарын жүргізу технологиясын, түрлері мен тәсілдерін.</p> <p>3. Сырлау жұмыстарында қолданылатын материалдардың сұрыптарын, сапасы мен қасиеттерін, қабылдау ережелері мен тәсілдерін.</p> <p>4. Ақаудың алдын алу әдістерін.</p> <p>5. Қабылданған және браққа шығарылған өнімді есепке алу және есеп беру формаларын.</p> <p>6. Ағаш пен металл бойынша таза дайындық және соңғы сырлау жұмыстарын жүргізу түрлері мен тәсілдерін.</p> <p>7. Сырлау жұмыстарын қолданылатын бояулардың, лактардың, политурлар мен басқа химиялық материалдардың сұрыптарын, сапасы мен қасиеттерін.</p> <p>8. Қабаттың барлық бетінің геометриялық көлемдерін.</p> <p>9. Материалдардың физика-химиялық қасиеттерін.</p> <p>10. Бақылау-өлшеу құралдарының құрылымын, мақсаттары мен қолдану шарттарын.</p> <p>11. Қабылданатын бұйымдар мен материалдарға арналған техникалық шарттарды және мемлекеттік</p>

	<p>стандарттарды.</p> <p>12. Сәндік лактауды, жалтыратуды, сырлауды бақылау тәсілдерін.</p> <p>13. Сырлау жұмыстары кезінде анықталатын ақаудың негізгі түрлерін, оларды анықтау және жою тәсілдерін.</p> <p>14. Қабылданатын бақылау-өлшеу құралдарының конструкциясын және оларды баптау, реттеу және тексеру ережелерін.</p>	
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Командада жұмыс істей білу Тыңғылықтылық	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	7141	Құм атқыш
КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: «Құм атқыш»		
Кәсіп коды	7141	
Кәсіп атауы	Құм атқыш	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3	
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	3-4	
Кәсіби білім деңгейі	СБШ-ның 3-деңгейі	
	Жалпы орта білім немесе жалпы орта білім негізінде техникалық және кәсіптік білімі болғанда кәсіби дайындық (білім беру мекемесі негізінде кәсіби дайындық бағдарламасы бойынша бір жылға дейінгі курстар немесе кәсіпорындағы оқыту курстары)	
Еңбек функциялары	1) Құм атқыш аппараттың көмегімен құрылыс конструкцияларының, аппаратуралар мен жабдықтардың беттерін тазарту және тазарту кезінде қосымша жұмыстарды орындау.	
Еңбек функциясы 1 Құм атқыш аппараттың көмегімен құрылыс конструкцияларының, аппаратуралар мен жабдықтардың беттерін тазарту және тазарту кезінде қосымша жұмыстарды	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разряды: 3-4)	
	Біліктері мен дағдылары:	
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Құмды қауттандыруға дайындау. 2. Құм атқыш аппаратты қуаттандыру. 3. Құм атқыш аппараттың жұмысын бақылау және қызмет көрсету. 4. Құм атқыш аппараттың көмегімен құрылыс конструкцияларының, жабдықтардың аппараттарын тазарту. 5. Бетон және металл беттерді «Ортиб-ласт» жүйесі аппараттарының құрғақ, ылғал және су тәсілдерімен тазарту. 	

орындау..	6. Шлагыларды бекіту және ұзарту. 7. Ұштықты бекіту. 8. Жұмыс барысында құбырлар мен асылмалы басқыштарды ауыстыру және бекіту.	
	Білімі:	
	1. Құм кептіру тәсілдері мен режимдерін. 2. Аппаратты құммен қуаттандыруды 3. Құм атқыш аппаратты күту ережелерін. 4. Жеке қорғану құралдары мен құрылғыларының түрлерін және мақсаттарын. 5. Құм атқыш аппараттың құрылымын және техникалық пайдалану ережелерін. 6. Шлангыларды бекіту мен ұзарту және ұштықтарды бекіту тәсілдерін. 7. Құм атқыш аппараттың көмегімен беттерді тазарту ережелерін. 8. Тік беттерді тазарту кезінде асылмалы басқыштарды ауыстыру және бекіту ережелерін. 9. Беттерді тазарту кезінде қолданылатын қорғану құрылғыларының құрылымын.	
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Командада жұмыс істей білу Тыңғылықтылық	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	7141	Сырлау жұмыстарын бақылаушы
Кәсіптік стандарттың техникалық мәліметтері		
Әзірленген	«MG-Build» ЖШС	
Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы	Нұсқа 1, 2014 жыл	
Болжалды қайта қарау датасы	2017 жыл	